


BU

# BAITURSYNULY UNIVERSITY

## "Университет бірінші курс студенттерінің көзімен" сауалнамасын жүргізу туралы Есеп

2025-2026 оқу жылы

АСҚБ

*Академиялық сапаны қамтамасыз ету бөлімі

# САУАЛНАМА
# 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

## МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ:

*4-5 жылдық оқу мерзімімен бакалавриат және мамандық бағдарламаларының бірінші курс студенттері (**1734 адам**)*

## МІНДЕТТЕР:

- *Кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін және университетті/білім беру бағдарламасын таңдауға әсер еткен факторларды бағалау;*
- *Бірінші курс студенттерінің оқу және әлеуметтік өмірге бейімделу процесін зерделеу;*
- *Академиялық ортаға, инфрақұрылымға және оқу процесінен тыс мүмкіндіктерге қанағаттану деңгейін анықтау;*
- *Университеттің білім беру ортасын одан әрі жетілдіру үшін студенттердің қажеттіліктері мен үміттерін айқындау.*

## 1338

**БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІ ҚАТЫСТЫ**

## 77%

## 6 НЕГІЗГІ СҰРАҚТАР БЛОГЫ:

***1 Блок.*** *Кіріспе*

***2 Блок.*** *Қабылдау және кәсіби бағдар беру*

***3 Блок.*** *Бейімделу (адаптация)*

***4 Блок.*** *Академиялық сапа*

***5 Блок.*** *Материалдық-техникалық базаның сапасы*

***6 Блок.*** *Оқудан тыс белсенділік*

## Институт/Факультет




Респонденттердің ең көп үлесі **Педагогикалық институтта** оқиды – **43 %** (680 студенттің ішінен 527 студент).

Студенттердің айтарлықтай бөлігі сондай-ақ **әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар факультетінде – 16 %** (286 студенттің ішінен 178 студент), **экономика және құқық факультетінде** – **15 %** (277 студенттің ішінен 164 студент) және **машина жасау, энергетика және ақпараттық технологиялар факультетінде – 13,3 %** (286 студенттің ішінен 167 студент) оқиды.

Ең аз үлес студенттердің **ауыл шаруашылығы ғылымдары факультетіне** тиесілі – 12,7 % (205 студенттің ішінен 144 студент).

## Сіз келдіңіз...



## Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ оқу үшін келген республикалық маңызы бар қалаңыз, облысыңызды белгілеңіз.

***7 адам (0,5%)*** *- Абай облысы*
***71 адам (5,3%)*** *- Ақмола облысы*
***25 адам (1,8%)*** *- Ақтөбе облысы*
***9 адам (0,6%)*** *- Алматы облысы*
***4 адам (0,3%)*** *- Атырау облысы*
***2 адам (0,1%)*** *- Батыс Қазақстан облысы*
***12 адам (0,9%)*** *- Жамбыл облысы*
***2 адам (0,1%)*** *- Жетісу облысы*
***6 адам (0,4%)*** *- Қарағанды облысы*
***1045 адам (78,1%)*** *- Қостанай облысы*
***17 адам (1,3%)*** *- Қызылорда облысы*
***15 адам (1,1%)*** *- Маңғыстау облысы*
***3 адам (0,2%)*** *- Павлодар облысы*
***29 адам (2,1%)*** *- Солтүстік Қазақстан облысы*
***30 адам (2,2%)*** *- Түркістан облысы*
***1 адам (0,07%)*** *- Ұлытау облысы*
***0 адам (0%)*** *- Шығыс Қазақстан облысы*
***13 адам (0,9%)*** *- Астана қаласы*
***6 адам (0,4%)*** *- Алматы қаласы*
***10 адам (0,7%)*** *- Шымкент қаласы*
***31 адам (2,3%)*** *- басқа*



## Қостанай қаласында тұратын жеріңізді көрсетіңіз.



## Алдыңғы білім деңгейін аяқтау құжаты (мектеп/колледж/жоғары оқу орны):



# 1 БЛОК. КІРІСПЕ

## Сізде халықаралық/ республикалық марапаттар/ сертификаттар/ дипломдар/алғыс хаттар бар ма?

*Ашық сұрақ*




### ПІКІРЛЕРДЕН АЛЫНҒАН ҮЗІНДІ:

- *Спорт*
- *Шет тілдерін меңгеру деңгейі*
- *Шығармашылық жұмыс (вокал, би, поэзия)*
- *Ғылыми жобаларға қатысу*
- *Еріктілік (волонтер)*
- *Пікірталас*
- *Менталды арифметика (ойша есептеу әдісі)*
- *Робототехника*
- *Coursera платформасында оқыту*

# БЛОК ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Жалпы респонденттер саны 1734 студенттің ішінен 1338 адамды құрады (77%).

Кіріспе бөлімнің қорытындысы бойынша, деректерге сәйкес студенттердің басым бөлігі ауылдық жерлерден келген – 44%, ал 32% – Қостанай қаласының тұрғындары, 23,1% – Қазақстан Республикасының басқа қалаларынан келгендер. Университетке басқа өңірлерден келген студенттердің ішінде 5,3% – Ақмола облысынан, 2,2% – Түркістан облысынан, және 2,1% – Солтүстік Қазақстан облысынан.

Қостанай қаласындағы тұратын орны туралы сұраққа бірінші курс студенттерінің 38% өзінің немесе ата-анасының үйінде тұратынын, 29,2% – ҚӨУ жатақханасында, ал 15,3% – пәтер немесе бөлме жалдап тұратынын атап өтті.

Контингенттің сапалық көрсеткіштеріне келсек, аттестаттар бойынша талдау нәтижесінде студенттердің көпшілігі жалпы аттестатпен мектепті бітірген (75,5%), 14,4% – үздік аттестатпен, ал 6% – «Алтын белгі» иегерлері болып табылады.

Осылайша, жалпы алғанда, Қостанай өңірлік университетінің бірінші курс контингенті қалалық мектеп түлектерінің аздап басым болуымен сипатталады.



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

## Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ туралы қайдан білдіңіз ?




### БАСҚА:

*«Басқа» санаты бойынша ең жиі аталған себеп – **университеттің ыңғайлы орналасуы** болды.*

*Кейбір студенттер Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті туралы оның **қаланың орталығында орналасуы мен танымалдығының** арқасында білгендерін атап өтті.*

*Сондай-ақ, кейбір респонденттер университет туралы ақпаратты **интернет желісі** арқылы өз бетінше тапқанын көрсеткен.*

## Сіз неге Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қөу таңдадыңыз?




### БАСҚА:

«Басқа» санаты бойынша ең көп кездескен жауап — **«басқа жоғары оқу орнына түсе алмау»**, оның ішінде ҰБТ-да жеткілікті балл жинай алмау себебі де аталған.

# 2 БЛОК. ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ БАҒДАР

## Сізге білім беру бағдарламаңызды таңдауға не әсер етті ?




## БАСҚА:

*«Басқа» санатында көрсетілген жауаптар арасында респонденттер таңдаған білім беру бағдарламасына деген* ***жеке қызығушылығын,*** *сондай-ақ басқа бағыттарға түсуге* ***балл жетіспегендіктен*** *осы бағдарламаға түскенін атап өтті.*

# 2 БЛОК. ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ БАҒДАР

## Оқуға түсу кезінде қандай қиындықтар туындады ?






### БАСҚА:

*«Басқа» санатындағы жауаптар арасында* ***онлайн құжат тапсырудың қиындығына*** *байланысты түсу барысында кездескен мәселелер аталды. Алыс өңірлер мен облыстың шалғай аумақтарынан келген талапкерлерге университетке бірнеше рет жеке келуге тура келген, бұл белгілі бір қолайсыздықтар тудырған.*

# 2 БЛОК. ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ БАҒДАР

## ҚӨУ қабылдау комиссиясының жұмысын 5 балдық шкала бойынша бағалаңыз

*(мұнда 5 – өте жақсы, 1 – өте нашар):*




**93,9%**

*Қабылдау комиссиясы жұмысының жалпы сапа көрсеткіші*

# БЛОК ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Екінші бөлімнің қорытындысы бойынша Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті туралы талапкерлердің негізгі ақпарат көзі туыстары, жақындары мен достары болды (42,1%). Сондай-ақ әлеуметтік желілердің (25%) және кәсіби бағдар беру бағытындағы іс-шаралардың (17,1%) да ықпалы зор болды.

ҚӨУ-ға түсу себептерінің ішінде студенттер ең алдымен қызықты және сұранысқа ие білім беру бағдарламаларының болуын (13,3%), үйге жақын орналасуын (12,9%), білім сапасын (12,4%) және мемлекеттік грант бойынша оқу мүмкіндігін (11,9%) атап өтті.

Білім беру бағдарламасын таңдауда көпшілік респонденттер үшін шешуші фактор болашақ мамандыққа деген жеке қызығушылық (31,1%) және оның беделі (23,4%) болды. Кейбір студенттер үшін таңдаған бағыт бойынша қалада мамандарға сұранысы бар кәсіпорындардың болуы (11,8%) мен білім грантын алу мүмкіндігі (10,6%) маңызды рөл атқарды.

Респонденттердің аз бөлігі қабылдау кезінде қиындықтарға тап болды: 58,1% қиындықтар туындамағанын, ал 14,5% құжаттарды жинау кезінде қиындықтарға тап болғанын, ал 10,8% ережелер мен қабылдау мерзімі туралы ақпараттың жетіспеушілігін атап өтті.

Жалпы алғанда, қабылдау комиссиясының жұмысы жоғары бағаланды: респонденттердің 93,9%-ы қабылдау процесіне қанағаттанғандарын білдірді.



## Оқуды бастағаннан бері өзіңіздің эмоционалдық жағдайыңызды қалай бағалайсыз ?

*(мұнда 5 – өте жақсы, 1 – өте нашар):*

***526 адам (39,3%)***
*Өте жақсы*

***679 адам (50,7%)***
*Жақсырақ, нашардан гөрі жақсы*

***92 адам (4,9%)***
*Нашарлау, жақсыдан гөрі нашар*

***23 адам (6,8%)***
*Нашар*

***13 адам (0,9%)***
*Өте нашар*

***5 адам (0,3%)***
*Басқа*




## Сіз жаңа ортада өзіңізді қаншалықты жайлы сезінесіз?

*(мұнда 5 – өте жақсы, 1 – өте нашар):*

***685 адам (51,1%)***
*Өте жақсы*

***561 адам (41,9%)***
*Жақсырақ, нашардан гөрі жақсы*

***66 адам (4,9%)***
*Нашарлау, жақсыдан гөрі нашар*

***14 адам (1,04%)***
*Нашар*

***6 адам (0,4%)***
*Өте нашар*

***5 адам (0,4%)***
*Басқа*



## Жаңа Оқу жағдайына бейімделу үшін Сізге қанша уақыт қажет болды?

**370 адам (27,6%)**
Іс жүзінде уақыт қажет болмады

**756 адам (56,5%)**
Бір апта жеткілікті болды

**184 адам (13,7%)**
Әлі де бейімделу қиын

**28 адам (2,09%)**
Басқа




**84,1%**

Бұл көрсеткіш бірінші курс студенттерінің жаңа жағдайларға тез бейімделу процесін көрсетеді

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

## Университет қабырғасында оқуға бейімделуге Сізге кім көмектеседі?

***906 адам (36,5%)*** *- Топтастарым*

***527 человек (21,2%)*** *- Куратор /Эдвайзер*

***290 адам (11,6%)*** *- Оқытушылар*

***194 адам (7,8%)*** *- Жоғары курс студенттері*

***132 адам (5,3%)*** *- Өзім бейімделіп жатырмын, қиындықтар бар*

***417 адам (16,8%)*** *- Өзім бейімделіп жатырмын, еш қиындықсыз*

***15 адам (0,3%)*** *- Басқа*






# 3 БЛОК. БЕЙІМДЕЛУ

## Психологиялық қиындықтар туындаса, қайда бару керектігін білесіз бе?

***1059 адам (79,1%)*** *- Иә*

***275 адам (20,5%)*** *- Жоқ*

***4 адам (0,3%)*** *- Басқа*






# 3 БЛОК. БЕЙІМДЕЛУ

## Кураторыңызды/эдвайзеріңізді білесіз бе?

***20 адам (1,4%)*** *- Біздің топта куратор/эдвайзер жоқ*

***68 адам (5,08%)*** *- Бар екенін білемін, бірақ таныс емеспін*

***451 адам (33,7%)*** *- Иә, бірнеше рет көрдім*

***787 адам (58,8%)*** *- Иә білемін, жиі сөйлесеміз*

***9 адам (0,6%)*** *- Білмеймін*

***3 адам (0,2%)*** *- Басқа*




## Куратормен/эдвайзермен қалай қарым-қатынас жасайсыз?

***1219 адам (87,5%)*** *- Куратор/эдвайзер - университеттегі біздің басты көмекшіміз, қажет болған жағдайда оған әрдайым жүгіне аламын*

***86 адам (6,1%)*** *- Куратормен/эдвайзермен байланысу қиын*

***52 адам (3,7%)*** *- Куратор/эдвайзер қажетті ақпаратты уақытында жеткізбейді*

***19 адам (1,3%)*** *- Куратормен/эдвайзермен қарым-қатынас орнамаған*

***17 адам (1,2%)*** *- Басқа*



# 3 БЛОК. БЕЙІМДЕЛУ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

## Сіз Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ-дің анықтамалық-нұсқаулығын қолданасыз ба?

***328 адам (24,5%)***
*Иә, әрқашан көмектеседі*

***337 адам (25,1%)***
*Иә, кейде пайдалы ақпарат табамын*

***92 адам (6,8%)***
*Иә, бірақ сирек қажет нәрсені табамын*

***22 адам (1,6%)***
*Жоқ, қажетті ақпаратты табу мүмкін емес*

***547 адам (40,8%)***
*Жоқ, мен оны қолданбаймын, өйткені ол туралы білмеймін*

***12 адам (0,8%)***
*Басқа*




## Университетте ішкі тәртіп ережелері бар екенін кімнен білдіңіз?

***211 адам (15,7%)***
*Қабылдау комиссиясының өкілінен*

***588 адам (43,9%)***
*Куратор/эдвайзерден*

***92 адам (6,8%)***
*Оқытушылардан*

***46 адам (3,4%)***
*Жоғары курс студенттерінен*

***115 адам (8,5%)***
***Университет сайтынан оқыдым***

***281 адам (21%)***
*Бұл туралы алғаш рет естіп тұрмын*

***5 адам (0,3%)***
*Басқа*



## Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетіне түскеннен күткен үміттеріңіз қаншалықты ақталды ?

***504 адам (37,6%)***
*Толығымен ақталды,*
*осы ЖОО-ға түскеніме өте қуаныштымын*

***579 адам(43,2%)***
*Көп жағдайда ақталды*

***93 адам (6,9%)***
*Көбіне ақталмады*

***32 адам (2,3%)***
*Мүлде ақталмады, ЖОО-дан көңілім қалды*

***122 адам (9,1%)***
*Әлі түсінбедім*

***8 адам (0,5%)***
*Басқа*




**80,8%**

*Baitursynuly университетіне түсуге қанағаттанушылықтың жалпы көрсеткіші*

# БЛОК ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Респонденттердің көпшілігі (90,05%) өздерінің эмоционалдық күйін «жақсы» деп бағалады, ал 93,1% жаңа ортада өздерін жайлы сезінетіндерін айтты.

Сауалнама деректеріне сәйкес, студенттердің 56,5% оқу процесінің бірінші аптасында бейімделгенін, тағы 27,6% жаңа жағдайларға бірден үйренгенін көрсеткен. Сонымен қатар, 13,7% респондент бейімделу процесі әлі де жалғасып жатқанын атап өткен.

Бірінші курс студенттері үшін негізгі қолдау көздері қатарлас студенттер (36,5%) және кураторлар/эдвайзерлер (21,2%) болды. 16,8% студенттер өздігінен бейімделгенін хабарлады.

Студенттердің кураторлар мен эдвайзерлермен өзара әрекеттесу нәтижелері ерекше назар аударуға тұрарлық. Көпшілік респонденттер (58,8%) өз кураторларын/эдвайзерлерін жақсы біледі және онымен тұрақты байланыста болса, сауалнамаға қатысқандардың үштен бір бөлігі (33,7%) тәлімгерлерімен таныс және бірнеше рет көрген, ал 5,08% формалды түрде ғана таныс немесе мүлдем байланыс жасамағанын айтқан.

Студенттердің 87,5%-і кураторды/эдвайзерді негізгі көмекші деп есептейді, алайда кейбіреулері байланыста қиындықтар барын атап өтті: 6,1% кураторға хабарласу қиын екенін, 3,7% куратормен ақпараттың уақытында жеткізілмейтінін көрсетті. Бұл деректер кураторлық жұмыста, әсіресе бірінші курс студенттерін бейімдеу кезеңінде кері байланысты күшейту мен жүйелілікті арттыру қажеттігін көрсетеді.

Жалпы бейімделу процесі сәтті деп тануға болады: студенттердің 80,9% Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ түскендегі үміттерінің толық немесе ішінара ақталғанын атап өткен.



## 4 БЛОК. АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

### Оқу процесіне қосылу қаншалықты қиын екенін бағалаңыз?






# 4 БЛОК. АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

## Оқудың алғашқы апталарында туындаған мәселелерді көрсетіңіз?

***311 АДАМ (12,8%)***
*Оқу жүктемесі үлкен, үлгермеймін*

***259 АДАМ (10,7%)***
*Үй тапсырмасын орындаудағы қиындықтар*

***417 АДАМ (17,2%)***
*Оқу процесін түсінудегі қиындықтар (несиелік жүйені, аралық бақылауды, бағалау жүйесін және т. б. түсінбеу)*

***186 АДАМ (7,6%)***
*Оқу материалын күрделі қабылдау*

***216 АДАМ (8,9%)***
*Университет ғимараттарында бағыт-бағдар табу*

***143 АДАМ (5,9%)***
*Ғимарат ішіндегі оқу аудиторияларына жету (қысқа үзілістер)*

***146 АДАМ (6,03%)***
*Студенттік өмір нормаларына бейімделу қиындықтары*

***34 АДАМ (1,4%)***
*Студенттік өмір туралы ақпарат көздеріне қолжетімділіктің шектеулігі*

***27 АДАМ (1,1%)***
*КТоптастармен қарым-қатынас мәселелері*

***32 АДАМ (1,3%)***
*Оқытушылармен қарым-қатынас мәселелері*

***138 АДАМ (5,7%)***
*Интернеттің сапасыздығы/жоқтығы*

***28 АДАМ (1,1%)***
*Тұрмыстық қиындықтар (тұрғын үй іздеу және т. б.)*

***27 АДАМ (1,1%)***
*Жатақхана көршілерімен мәселелер*

***71 АДАМ (2,9%)***
*Жатақхана сапасына қанағаттанбау*

***375 АДАМ (15,5%)***
*Ешқандай қиындық жоқ*

***9 АДАМ (0,3%)***
*Басқа*



## Білімді бағалау жүйесі мен ОҚУ жұмыс бағдарламасымен (силлабуспен) жұмыс жасау Сізге қаншалықты түсінікті?






АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

## Сіз қандай әлеуметтік желіні қолданасыз?




## Университет туралы ақпаратты қайдан аласыз?



# 4 БЛОК. АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА

## Университет сайтын не үшін пайдаланасыз?




## Сабаққа дайындалу барысында GPT чатын қаншалықты жиі қолданасыз



# БЛОК ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Бірінші курс студенттерінің көпшілігі (59,1%) оқуға қосылу процесін оң бағалады. Бұл ретте 34,4% студент қиын және жеңіл сәттердің бар екенін атап өтті, бұл жаңа оқу кезеңіне тән бейімделу қиындықтарын көрсетеді.

Оқу процесінің алғашқы апталарында туындайтын негізгі проблемалардың ішінде ең үлкен үлесті оқу процесін түсінудегі қиындықтар алады – кредиттік жүйенің ерекшеліктері, аралық бақылау және білімді бағалау жүйесі (17,2%). Сонымен қатар, студенттер оқу жүктемесінің көп екенін (12,8%), үй тапсырмасын орындауда қиындықтар бар екенін (10,7%) және университеттің ғимараттарында бағдар табудың қиындығын (8,9%) атап өтті. 15,5% респондент ешқандай қиындық көрмегенін хабарлады.

Университеттің ақпараттық ашықтығы тұрғысынан студенттер бірдей дәрежеде әлеуметтік желілердегі ресми профильдерден (43,1%) және ресми сайттан (41,8%) ақпарат алады.

Университет сайты негізінен оқу кестесін қарау үшін (42,3%), институттар, факультеттер және кафедралар туралы ақпарат алу үшін (16,5%) және жаңалықтармен танысу үшін (11,6%) қолданылады.

Жалпы, бірінші курс студенттерінің академиялық бейімделуі сәтті өтіп жатыр, алайда сауалнама нәтижелері кредиттік жүйе принциптері мен бағалау механизмдерін қосымша түсіндіру, сондай-ақ студенттерге навигациялық және ақпараттық қолдау көрсетуді дамыту қажеттігін көрсетеді.



# 5 БЛОК. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫҢ САПАСЫ

## Университеттің материалдық-техникалық базасын бағалаңыз (аудиториялар, жабдықтар,компьютерлер, интернет, кітапхана, спорт залдары және т. б.)

*(мұнда 5: өте жақсы, 1: өте нашар):*

***491 адам (36,6%)***
*5 - Өте жақсы*

***626 адам (46,7%)***
*4 - Жақсыға жақын*

***161 адам (12%)***
*3 - Жаманға жақын*

***33 адам (2,4%)***
*2 - Нашар*

***18 адам (1,3%)***
*1 - Өте нашар*

***9 адам (0,6%)***
*Басқа*




**83,3%**

*Университеттің материалдық-техникалық базасына қанағаттанудың жалпы көрсеткіші*

# 5 БЛОК. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫҢ САПАСЫ



## Сіз тұратын жерде сабаққа ыңғайлы дайындалу мүмкіндігі бар ма?

***1017 адам*** *(76%)*
*Әрқашан қалыпты дайындалуға мүмкіндік бар*

***249 адам*** *(18,6%)*
*Кейде қалыпты дайындалуға мүмкіндік бар*

***53 адам*** *(3,9%)*
*Көбінесе қалыпты дайындалу мүмкіндігі жоқ*

***18 адам*** *(1,3%)*
*Мүлде дайындалу мүмкіндігі жоқ*

***1 адам*** *(0,07%)*
*Басқа*




## Университет ішінде сабаққа дайындалу мүмкіндігі бар ма?

***969 адам*** *(72,4%)*
*Иә, бар, әдетте бұл - кітапхана немесе бос аудиториялар*

***116 адам*** *(8,6%)*
*Университетте сабаққа дайындалуға ыңғайлы орындар жоқ*

***124 адам*** *(9,2%)*
*Ыңғайлы орындар бар, бірақ Wi - Fi байланысы жоқ*

***99 адам*** *(7,3%)*
*Ыңғайлы орындар бар, бірақ олар көбіне бос емес*

***30 адам*** *(2,2%)*
*Басқа*



# 5 БЛОК. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫҢ САПАСЫ

## Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ кітапханаларының жұмысын қалай бағалайсыз ?

***764 адам (44%)***
*Кітапханада әдебиеттер қоры өте жақсы, сабаққа дайындалу үшін қажет нәрсенің бәрін табамын*

***121 адам (6,9%)***
*Көбінесе кітапханадағы кітаптар бойынша сабақтарға дайындаламын, өйткені интернетте бұл ақпарат жоқ*

***205 адам (11,8%)***
*Кітапханада материалдарға (каталогтар, электрондық ресурстар) ыңғайлы қол жетімділік бар*

***158 адам (9,1%)***
*Кітапхана қызметкерлері әрқашан қажетті материалдарды табуға көмектеседі*

***33 адам (1,9%)***
*Кейде қажетті кітаптар жетіспейді*

***204 адам (11,7%)***
*Кітапханадан гөрі интернет-ресурстарды жиі қолданамын*

***242 адам (13,9%)***
*Кітапхананы мүлдем пайдаланбаймын*

***8 адам (0,4%)***
*Басқа*



# БЛОК ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Жалпы, бірінші курс студенттері университеттің материалдық-техникалық базасының сапасын оң бағалайды: 83,3% студенттер деңгейін «өте жақсы» немесе «жақсы» деп көрсеткен. Сонымен қатар, шамамен 12% респонденттер кейбір кемшіліктердің бар екенін атап өткен, ал 3,7% респондент тікелей төмен баға берген («нашар» және «өте нашар»).

Сонымен қатар, студенттердің көпшілігі (76%) тұратын жерінде оқу жұмыстарын қалыпты түрде орындау мүмкіндігі әрдайым бар екенін айтқан, бұл қолайлы тұрмыстық жағдайларға дәлел. Алайда 3,9% студенттер үйде оқу процесін ұйымдастыруда қиындық көретінін, ал 1,3% университеттен тыс дайындалу мүмкіндігі жоқ екенін айтқан.

Университет инфрақұрылымына келсек, 72,4% студенттер университетте сабақтарға дайындалу мүмкіндігі бар екенін растаған, көбінесе кітапхана немесе бос аудиторияларды пайдаланады. Алайда 9,2% респонденттер ыңғайлы орындар болса да, онда Wi-Fi байланысы жоқ екенін, ал 8,6% студенттер университетте өзіндік дайындыққа жеткілікті ыңғайлы аймақтар жоқ екенін атап өткен.

Осылайша, университетте оқу процесі мен студенттердің өзіндік дайындалуы үшін жалпы жағымды жағдайлар жасалған деп қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар, инфрақұрылымды әрі қарай дамыту қажеттігі сақталады — әсіресе, ыңғайлы оқу аймақтарын кеңейту және тұрақты Wi-Fi қолжетімділігін қамтамасыз ету маңызды, бұл қазіргі заманғы білім беру форматтары үшін ерекше қажеттілік болып табылады.



# 6 БЛОК. САБАҚТАН ТЫС БЕЛСЕНДІЛІК

## Сіз университетте студенттік үйірмелер мен ұйымдардың бар екенін білесіз бе?

*1304 адам (97,4%)*
*Иә*

*34 адам (2,5%)*
*Жоқ*




## Сіз кафедра шеңберіндегі үйірмелерге/клубтарға қатысасыз ба?

*452 адам (33,7%)*
*Иә*

*503 адам (37,5%)*
*Әзірге жоқ, бірақ жоспарда бар*

*357 адам (26,6%)*
*Жоқ, жоспарда жоқ*

*23 адам (1,7%)*
*Олардың бар екендігі туралы естіген жоқпын*

*3 адам (0,2%)*
*Басқа*



## Сізді қандай бағыттар қызықтырады?




## БАСҚА:

«Басқа» санатында студенттер әртүрлі қызығушылықтарын атап өтті, соның ішінде: ***шет тілдерін үйрену, видеография, көркем және қолданбалы өнер (соның ішінде қолөнер), музыкалық аспаптарда ойнау, бағдарламалау, сондай-ақ студенттік белсенділікке қатысу.***

## Университетте қандай дағдыларды немесе мүмкіндіктерді дамытқыңыз келеді?

*Ашық сұрақ*

**98 адам (7,3%)** - *Шешендік*

**160 адам (12%)** - *Кәсіби*

**98 адам(7,3%)** - *Тілдік*

**85 адам(6,4%)** - *Спорттық*

**160 адам(12%)** - *Жауап беру қиын/білмеймін*

**112 адам(8,4%)** - *Ешқандай, бәрі жақсы*

**90 адам(6,7%)** - *Барлық мүмкін*

**160 адам(12,0%)** - *Коммуникативті*

**130 адам (9,7%)** - *Шығармашылық*

**40 адам (3%)** - *Академиялық, ғылыми*

**118 адам (8,8%)** - *Тұлғалық*

**25 адам (1,9%)** - *Еріктілік*

**50 адам (3,7%)** - *Жауапсыз*

**45 адам (3,4%)** - *Сұраққа қатысы жоқ жауап*



## Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ оқудан сіздің мансаптық күтулеріңіз қандай?

*Ашық сұрақ*

**776 адам (58%)**
Жақсы білім, лайықты жұмыс

**127 адам (9,5%)**
Білмеймін

**130 адам (9,7%)**
Жауап жоқ

**91 адам (6,8%)**
Ештеңе күтпеймін

**30 адам (2,2%)**
Сұраққа қатысы жоқ жауаптар

**155 адам (11,6%)**
Жоғары

**6 адам (0,4%)**
Орташа

**5 адам (0,4%)**
Қалыпты

**2 адам (0,1%)**
Тек өзіме үміттенемін

**1 адам (0,1%)**
Сұрақты түсінбедім

**9 адам (0,7%)**
Жақсы студенттік өмір

**6 человек (0,4%)**
Иә, "бар"



# БЛОК ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Қорытынды бөлімнің нәтижесі бойынша, бірінші курс студенттерінің айтарлықтай бөлігі оқу процесінен тыс іс-әрекетке қатысуда немесе оған қызығушылық танытуда. Мәселен, студенттердің 33,7% кафедралар мен факультеттер шеңберінде жұмыс істейтін үйірмелер мен клубтарға қатысады, ал тағы 37,5% жақын арада қосылуды жоспарлап отыр. Сол уақытта, респонденттердің 26,6% оқу процесінен тыс белсенділікке қатыспайтынын және қатысуды жоспарламайтынын атап өтті, бұл жеткілікті ақпараттың жоқтығын немесе уақыт пен мотивацияның жетіспеуін көрсетуі мүмкін.

Студенттердің ең көп қызығушылық танытатын бағыттары арасында спорттық іс-әрекеттер (26,4%) және шығармашылық бағыттар — вокал, би, театр (20,2%) басым. Сондай-ақ, еріктілік бастамалары маңызды үлес алады (12,7%).

Сауалнама қорытындылары көрсеткендей, университет жалпы бірінші курс студенттерін бейімдеуге және оқуға қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді, алайда кейбір ұйымдастырушылық және ақпараттық аспектілерді әрі қарай жетілдіру қажеттігін көрсетеді.



BU

# BAITURSYNULY UNIVERSITY

АСҚБ

*2025-2026 оқу жылы*